


ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Саясат және экономика. 1-бөлім





Дәрістің мақсаты: мемлекет қолдана алатын билік түрлерін және әдістерін, демократия мен авторитаризмді салыстырып, олардың өзара үйлестірілуін қарастыру, талдау.

Негізгі терминдер: мәжбүрлеу, бедел, дәстүрлі бедел, харизмалық бедел, рационалдық-құқықтық бедел, авторитарлық жүйе, демократия, билік элитасы.

Билік және саясат

Билік – мәжбүрлеу немесе өкілеттілік арқылы жүргізіледі. Билік дәстүрлі, харизмалық және рационалдық-құқықтық болуы мүмкін. Институттандырылған билік қатынасы бар кез келген әлеуметтік құрылымды саясаттың формасы деп атауға болады. Ең танымал саяси институт – мемлекет. Оның басқа саяси институттардан ерекшелігі – ол мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдануда монополист бола алады және азаматтық алу құқығымен қоса көптеген мәселелерді шешуге өкілетті. Алайда жаһандану бұл билікті шектеуі мүмкін.

Мәжбүрлеуді қолдану үшін мемлекеттің заңды құқығы болғандықтан, басқа құрылымдар (ата-аналар, мұғалімдер сияқты) оны тек мемлекеттің келісімімен ғана қолдана алады.

Жеке адамдардың басқаруға қатысуы

Кейбір әлеуметтанушылар өнеркәсібі дамыған өзге елдерге қарағанда, АҚШ-та дауыс беру қарқынының төмен болуы әлеуетті сайлаушылардың саясаттан хабарсыздығынан деп есептейді. Енді бірінің айтуынша, көрсеткіштер үкімет саясатының кейбір америкалықтардың дауыс беруін қиындатуына немесе мүлде шектеуіне байланысты төмен болып отыр. Сонымен қатар, ірі саяси партиялардың бірде-бірі маргиналданған топтарды тартуға тырыспағандығы да осы себептердің бірі. АҚШ-тағы саяси процесті сипаттайтын екі үлгі бар: плюралистік және билік элитасының үлгісі. Олар билік элитаның қолында немесе мейлінше кең таралған дегенге келіспесе де, жекелеген адамдарға қарағанда ұйымдасқан топтардың оқиғаларға ықпалы көбірек екенін құптайды.

АҚШ-та дауыс берудің және саясатқа араласудың басқа да түрлерінің деңгейі тым төмен. Егде жастағы азаматтар, «ақтар» мен жоғары білімді немесе табысты адамдар саяси белсенді келеді.

Мәжбүрлеу – күш көрсету немесе қорқыту арқылы жүргізілетін билік.

Бедел – қолданылуын ақтайтын ережелер мен құндылықтарға сүйенетін билік.

Дәстүрлі бедел – биліктің қасиеттілік тұрғысынан сенім мен тәжірибеге сүйенуі.

Харизмалық бедел – адамның жеке-дара қасиеттері арқылы шешім қабылдау құқығына ие болуы.

Рационалдық-құқықтық бедел – адамдардың рационалды түрде берілген ережелерге сүйенген билікті ұстануы.

Авторитарлық жүйе – халық басқарушыны таңдай алмайтын және заң жүзінде ауыстыра алмайтын саяси жүйе.

Демократия – көпшіліктің қалауына сәйкес басшылықты ауыстыру үшін тұрақты әрі заңды мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саяси жүйе.

Билік элитасы – әскерде, өндірісте және үкіметтің атқарушы билігінде лауазымды қызмет атқаратын адамдар.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Мемлекеттің негізгі сипаттамаларын келтіріңіз.
2. Демократияның плюралистік теориясы мен билік элитасы үлгісін салыстырыңыз.



Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Демократия қалай дамиды?
2. Отбасы және мектеп сыныптары әдетте авторитарлық болады. Олар қалай іске асады?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Мертон Р., Социальная теория и социальная структура. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 873 с.
4. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.
5. Вебер М., Протестантская этика и дух капитализма. Ивано-Франковск: Издательство «Ист-Вью», 2002. – 352 с.
6. Миллс Р., Властвующая элита, 1959. – Издательство «Издательство иностранной литературы». – 542 с.